

**М.Е. Адиллов<sup>1</sup>, Р. Мухаммед<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> PhD доктор, «Астана» халықаралық қаржы орталығы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(e-mail: marlenadilov88@gmail.com)

<sup>2</sup> PhD доктор, Эгей университеті, Измир, Түркия (e-mail: ragipmuhammed@gmail.com)

**«Қазақ» сөзі туралы**

**Андатпа**

Қазақ сөзіне қатысты ғылыми тұжырымдамалар, мақалалар, тіпті кітаптар, ғылыми монографиялар жазылуда. Осы күнге дейін екі жүзге жуық зерттеу жүргізілген екен. Әсіресе, Қазақ елі Тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ сөзіне қатысты жаңа, тың деректер көбірек шыға бастады. Алайда жасалған зерттеулердің көбі «халық этимологиясы» сипатына ие екендігін байқауға болады. Мысалы, «қазақ» атауын *хас сақ* > *қас сақ* > *қасақ* > *қазақ* дегендей арабтың «нағыз» мәніндегі *хас* тұлғасымен байланысты көре отырып, *қазақ* сөзінің көне және түркі сөзі екендігіне шүбә келтіргендей боламыз. Бұл мақалада қазақ атауына қатысты этимологиялардың қайсысы шындыққа жанасатыны туралы сөз қозғалады. Бұнымен бірге орта ғасыр жазба ескерткіштері мен түрік тілдеріндегі «қазақ» сөзіне қатысты деректер беріледі.

**Кілт сөздер:** этимология, қазақ сөзі, орта ғасыр түрік жазба ескерткіштері, қазіргі түрік тілдері мен диалектілері, сөз мағынасы

**М.Е. Adilov<sup>1</sup>, R. Muhammed<sup>2</sup>**

PhD, Astana International Financial Center, Nur-Sultan, Kazakhstan  
(e-mail: marlenadilov88@gmail.com)

PhD, Ege University, Izmir, Turkey (e-mail: ragipmuhammed@gmail.com)

**About the Word «Kazakh»**

**Abstract**

For almost two hundred years, researchers have been trying to find the origin of the word "Kazakh" and reveal its meaning. Many articles, books and scientific monographs have been written about the word "Kazakh". Up to now, about two hundred studies have been conducted. In particular, after the independence of the Kazakh people, new facts about the word "Kazakh" appeared. However, many studies have the character of "folk etymology". A large part of the etymologies is based on a number of unscientific and often differs from other explanations. Therefore, no final decision has been made on the etymology of the word "Kazakh". This article is about which etymology corresponds to reality. In addition, examples from written monuments of the middle ages and modern Turkic languages will be presented.

**Key words:** word Kazakh, Kazakh language, monuments of the Turkic writing of the middle ages, modern Turkic languages and dialects, semantics of the word, etymology

### **Кіріспе**

1465 жылы Қазақ хандығы құрылып, «қазақ» сөзінің халық аты ретінде берік орныққаны тарихтан мәлім. Сол заманнан бері «қазақ» атауы туралы, оның шығуы, пайда болуы жайлы алуан түрлі пікірлер ұсынылып келеді. Әсіресе, соңғы 200 жыл ішінде ғалым, зерттеушілер қазақ терминінің шығу тегін іздеп, негізгі мағынасын табуға тырысуда. Бұл тақырыпта неше түрлі пікірлер айтылып-жазылып, ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің қызу айтыстарына айналды.

«Қазақ» терминінің шығу төркінін түсіндіруге және оның семантикасын ашуға көп әрекет жасалғанмен, «мынау мағынасы, этимологиясы дұрыс» дейтіндей түпкілікті түсіндірме қалыптаса қойған жоқ. Қазақ сөзімен үндес терминдердің де көп болуы (казаки, касок, қосак, һузағи, т.б.) мәселені одан әрі ушықтыруда.

«Қазақ» сөзінің шығу тарихы туралы пікір көп, яғни бір-бірінен айрықшаланатын жүзден астам анықтама бар. Бұл мәселеге қатысты деректерді филолог, тарихшы, этнограф, археолог ғалымдардан бөлек, этимологияға қатысы жоқ ақын-жазушы, саясаткер, саяхатшы, қоғам қайраткерлері тіпті молдалар ұсынып жүр. Сондықтан бұл этимологиялардың көбін ғылыми тұжырымдама деп айту қиын.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялағалы қазақ халқының тарихы, мәдениеті және қазақ терминіне деген қызығушылық едәуір дәрежеде артты. Ғылыми басылымдарда, газет, журналдарда қазақ деген атауға байланысты зерттеулер, мақалалар жариялана бастады. Алайда ғылыми жарияланымдардағы мәліметтердің көбі бұрынғы тұжырымдардың қайталануына ұқсайды. Кейбір пікірлердің «халық этимологиясына» тән екендігін байқау қиын емес. Солардың кейбірін атап көрсетсек:

*Қазақ* «қаз құсына ұқсаған адам, құс сияқты еркін» (А.Веселевский).

*Қазақ* «ұрғашы ақ қаз» (А.Чулошников).

*Қазақ* «қаз ақ = ақ қаз (қазды киелі құс деп қастерлеумен байланысты)» (О.Сулейменов<sup>1</sup>).

*Қазақ* «араб тіліндегі «қазы хақ (әділ қазы)» тіркесінен шыққан» (М.Тынышбаев )

*Қазақ* «ғазы ақ – «исламды соғыссыз өз еркімен қабылдағандар» (молда Көбей Тоқболатов<sup>2</sup>).

---

<sup>1</sup> О.Сулейменов. Аз и Я: Книга благонамеренного читателя. – Алма-ата: Жазушы, 1975.

<sup>2</sup> Ә.Диваев. Тарту. – Алматы, 1992. 20-б.

*Қазақ* «арабтардың көшпенді халықтарға *хұзаги* деуінен шыққан» (А. Құнанбайұлы<sup>1</sup>)

*Қазақ* «қайсақ, қыпшақ атауларының фонетикалық жағынан өзгерген түрі» (Әбілғазы Бахадүр, И.Казанцев<sup>2</sup>).

*Қазақ* «хас (нағыз) сақ» (К.Ақышев; О.Исмагулов)

*Қазақ* «қас және сақ тайпа аттарының бірігуінен жасалған (А.Бернштам<sup>3</sup>)

*Қазақ* «Қазақ даласында ежелден Аз деген тайпалар мекендеген (азар, азау (хазар). Қазақ атауы сол аздар, аздықтармен байланысты (Ә.Қайдар және Е.Қойшыбаев<sup>4</sup>).

*Қазақ* «қаз» және «оғ» деген екі сөздің қосылуынан жасалған. Қаз дегеніміз – тайпа атауы, «оғ» – ру, тайпа дегенді білдіреді. Сонда *қас тайпалары* деген шығады (Ә.Әбдрахманов<sup>5</sup>).

*Қазақ* «Біз қазақтар Шыңғыс ханның жорығына жол-жөнекей қосақталып кете берген сияқтымыз. Сондықтан ата-бабаларымыз Шыңғыс хан жорықтарына қатысып, «қосақтар» деп аталып, кейін «қазақ» болып өзгерген (М.Арын<sup>6</sup>).

Соңғы кездері қалың көпшілік тарапынан Ақышевтің ұсынған, Исмагуловтың қолдаған *қазақ* сөзінің «хас сақ» тіркесінен құралғаны туралы пікірлері қолдау табуда. Тарихшылардың көбі да хас «нағыз» және «сақ» (тайпа аты) деген сөзден құралған деп болжам жасайды. Ғалымдар қазақтар Сақ тайпасының заңды мұрагері дегенді меңзеген болу керек. Патриоттық жағынан күшті болып көрінгенмен, ғылыми дәлелдеу тұрғысынан қисынсыз деп айтуға толық негіз бар. Неге десек, «хас» арабтың сөзі. Арабтан отырықшы түріктер сияқты сөз ала қоймаған қазақ ерте дәуірде арабтан «хас» формасында алуы мүмкін емес. Ертеде сөз басында х-ны түсіріп айтатын қазақ халқының «хас» фонетикалық тұлғасында қолдануы қисынға келмейді. Араб тілінен кіргеннің өзінде ерте дәуірде ол сөйлеу тілі арқылы әс түрінде кіру керек еді (мысалы хақ>ақ, хақиқат > ақиқат, харекет > әрекет...).

---

<sup>1</sup> Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. 492 б.

<sup>2</sup> Казанцев И. Описание киргиз-кайсақ /сост. И.Казанцев. –Санкт-Петербург: Тип. Т-ва «Обществ.польза», 1967, 231 с.

<sup>3</sup> «Қазақ» сөзінің этимологиясы және қазақ халқының этногенезі мәселесі//«Қазақстан мектебі». 1967, №6, 81-85-б.

<sup>4</sup> Қайдар Ә., Қойшыбаев Е. «Қазақ» этнонимінің лингвистикалық түсіндірмесіне орай//ҚССР ҒА Хабаршысы. 1971, №2, 47-51-б.

<sup>5</sup> Әбдірахманов А. «Қазақ» сөзінің шығу төркіні//Қазақ әдебиеті. 03.02.1968.

<sup>6</sup> Арин М. Төртінші анық. Тарих//Бес анық. – Алматы, 1996, 33-46 б.

Сөз басында х дыбысын түсірмей алу құбылысы кейінгі дәуірлерде болған құбылыс десек, ерте заманда қазақ тіліне «хас» түрінде кіруі мүлдем мүмкін емес. Қазақ атауын «хас» деген араб сөзімен байланыстыра отырып, оның көнелігіне шүбә келтіргендей боламыз. Біздің ойымызша, қазақ атауының бірінші сыңарындағы қаздың «хас» дегенмен және құстың түрі «қазбен» ешбір байланысы жоқ.

Енді кейбір ғылыми тұжырымдардың жаны бар сияқты болып көрінеді. Айтылған болжам-пікірлер мен дәлел-деректердің кейбіріне тоқталып өтейік:

*Қазақ* «Есте жоқ ескі мезгілде моңғолдан бір татар (түрік болу керек) аталған халық бөлінген екен. Қазақтың асыл түбі сол татар (түрік) (Абай<sup>1</sup>).

*Қазақ* «өз алдында ел болып, еркін жүрген халық» (Ш. Құдайбердіұлы).

*Қазақ* «ноғай тілінде «бойдақ, салт атты (мыс: *қазақ басы ғана қалған*)» деген мағынадағы *қазақ* сөзімен байланысты» (Құрбанғали Халид<sup>2</sup>)

*Қазақ* «моңғолдың хасаг-терген «арба» ұғымымен байланысты (Г.Рамстедт, А.Семёнов).

*Қазақ* «қазақ пен хакас атаулары бір. Мұнда метатеза құбылысы айқын көрінеді» [1, 140].

*Қазақ* «Көшпелі Өзбек хандығы тұсында осы хандықтан көшіп кеткендерді алғашқыда «өзбек-қачақ» деп атаған. Кейінірек түпкілікті «қазақ» болып өзгеріп атала бастаған» (В.Юдин<sup>3</sup>).

*Қазақ* «Енисей жазба ескерткішінде табылған «қазғақым оғлым» (менің асырап алған ұлым) деген тіркесті, қазақым оғлым деп те оқуға болады (В. Юдин<sup>4</sup>).

*Қазақ* «тәуелсіз, еркін, басы бос адам» (В. Радлов<sup>5</sup>)

*Қазақ* «үй-жайы жоқ, кезбе, еркін кісі» (Л. Будагов<sup>6</sup>).

*Қазақ* «қаш- етістігі мен -ақ есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалған» [2, 382].

---

<sup>1</sup> Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. 491 б.

<sup>2</sup> Құрбанғали Х. Қазақ атауы қайдан шыққан?//Зерде. 1990. №10. 17-б.

<sup>3</sup> Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 187.

<sup>4</sup> Сонда, с. 156-166.

<sup>5</sup> Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 2, ч.1 СПб. 1899, с.364.

<sup>6</sup> Будагов Л. Сравнительный словарь тюркских языков. СПб., Т.2, 1886, с. 187

*Қазақ* «хандарға, билікке қарсы төнкеріс жасап, өзі немесе жаңұясымен елден безіп, тау-тасты паналап кеткен топ (Зәки Уәлиди Тоған) [3, 37].

*Қазақ* «еркін, тәуелсіз, азат; жомарт, мәрт; қайсар; ержүрек мағынасын білдіретін сөз» (Решид Рахмети Арат) [4, 499].

### **Зерттеу**

Біз қазақ сөзінің орта ғасыр жазба ескерткіштері мен қазіргі түрік тілдеріндегі мағынасына тоқталып өтеміз.

### **Орта ғасыр түрік жазба ескерткіштеріндегі «қазақ» сөзі:**

Мәмлүк қыпшақ ескерткіші *Китабы межму тержұмани ажеми мұғалиде* (1245 жылғы түрік (мәмлүк қыпшақ) араб сөздігі) *قازاق қазақ* «басы бос, бойдақ, жалғыз басты; үйсіз, күйсіз, ешкімі жоқ біреу» (ТА.26b/6) [5, 154].

Қазақ сөзіне берілген арабша анықтамадан екі сөз шығуы мүмкін. Біріншісі: *المجرد* *әлмүжерред* «үйсіз, күйсіз»; екіншісі *المحرد* *әлмухаррад* «елінен, жұртынан айрылған, бөлініп кеткен, енші алып, жеке ту тіккен».

*Етмухфетүз зекийе фил-лұғатил түркийе* (Түрік тіліне шексіз сый) атты мәмлүк қыпшақ жазбасында *قازاق باشلى қазақ башлы* «бойдақ» (TZ.24b/ 11) түрінде қолданылған.

Шағатай дәуірі мұраларынан Әлішер Науаи шығармаларында *қазақ* «жалғыз басты, үйсіз, күйсіз; әскер, сарбаз, жасақшы» [6, 957].

*Лұғати чағатай түрки* атты шағатайша османша сөздікте (Şeyh Süleyman, *Lugat-i Çağatay ve Türkî-yi Osmanî*) *қазақлық* «жорық, жорықтағы әскер, дала сарбазы» (ŞS).

Бабырнамада *қазақ* «еркін, азат; еркіндік аңсаушы» [7, 364-365].

### **Қазіргі түрік тілдеріндегі «қазақ» сөзі:**

Ноғай т. *қазақ басы ғана қалған* «қу тізесін құшақтап қалды, әйелсіз, баласыз қалды»; *қазақ шық*<sup>1</sup> «еркіндік аңсап өз елінен кету»:

*Ноғайым кең йайлаған йерімсің,*

*Талайсыз Шалкиіз бұ күнде қазақ шығып барады* [8, 15].

Ноғай ауыз әдебиетінде «Қазақ йырлары» атты жанр бар. Бұл жанрдың ерекшелігі бүінгі қазақ халқын емес, ноғайлар арасында еркіндік аңсаушы ерлерді, төскейде жүрген жорықшыларды суреттейді:

<sup>1</sup> Р.Сыздық Шалкиіз жыраудың өлеңіндегі «қазақ шығу» сөз тіркесін «қазақ болу» деп аударған еді.

*Арғымаққа оқ тиді,  
Қыл майқанның туынан.  
Шабазаншы ер қазаққа оқ тиді,  
Омыртқадың отыз екі буынан* (ТЕА 21 2002: 105).

*Бұлан қуған қазаққа,  
Алла берер қызыл алтын етекпен.*

*Қызыл алтын берген қазаққа,  
Кімлер бермес еру қызын йетекпен* (ТЕА 21 2002: 111).

Ноғайдың «Қазақ жырларында» *қазақлық*<sup>1</sup> деген форма да қолданылған. Өлеңдерден «майдан, соғыс, жорық» деген мағына көрінеді<sup>2</sup>:

*Басыңа бір қиынлық іс туса,*

*Сүйер болар аданас.*

*Аданастан несі кем,*

*Қазақлықта бірге йүрген йан йолдас* (ТЕА 21 2002: 111).

Татар т. *қазақ* «XV-XVII ғасырда орыс шекарасына дейін кетіп, еркіндік іздеген адам» [9, 164]; *қазақ* «бойдақ» [7, 364-365].

Қарашай-балқар т. *қазақ* «үйсіз-күйсіз, бала-шағасыз; жалғыз басты; қызмет етуші, қызметші»; *қазақ бөрү* «үйірден бөлек кеткен бөрі» (КБРС 1989: 375).

Құмық т. *қазақ* «көмекші, ұста шәкірті, қызмет етуші, қызметкер»: *қазақ тұрмақ* «қоңсы қону, байлар ауылына қызметші болу» (KumTS 2000: 214).

Құмық ауыз әдебиетінде «Қазақ йырлары» деген жанр бар. Қазақ йырлары<sup>3</sup> өлеңдерінде қазақ ұлты туралы сөз қозғалмайды. Өлеңдерден түсінгеніміздей, хан-сұлтан, бек-мырзаларға қарсы көтеріліп, елінен бөлініп кеткен жорықшы-майдангерлердің, еркіндік аңсаған батырлардың<sup>4</sup> ерлігі суреттеледі:

---

<sup>1</sup> Ноғай фольклорында «Қазақлықта өлүп қалған йігіттің йыры» атты жыр бар. Осыны «еркіндік үшін жүргізген жорықта жанын пида еткен жігіттің жыры» деп аударуға болатын сияқты.

<sup>2</sup> Түрік ғалымы Арат қазақлық терминін «жорықтағы әскер» деп түсіндірген (İslâm Ansiklopedisi VI 1993: 499).

<sup>3</sup> «Қазақ йырларында тәуелсіздік аңсау, мәрттік, ар-намыс, жігіттік тақырыптары сөз етіледі. Кей өлең шумақтарында қазақ ері соғыста көрсетіледі, кейбір өлең жолдарында еркіндік аңсаушы жорықшының бауырлары, жолдастары, майдангер серіктестері туралы сөз қозғалады. Жалғыздық, хандардың зұлымдығы, әділетсіздік - өлеңдердің басты тақырыбы» (ТЕА 20 2002: 89).

<sup>4</sup> Құмық мақалы: Ұлан осал буса қазақ йыр үйрет «Балаң осал болса батырлық жырларын оқы» (Öztürk, Uyanık 2006: 241).

Тарлансыз қазақ атға мінмедің,  
Сыйлаусыз хан гүбелер кимедің.  
Мінегенің чыйан дүзүн бөрүсү,  
Гийегенің сара билер терісі.

Құмық мақал-мәтелдері жинағында *қазақ* сөзіне «өзіне тиесілі жері жоқ ауыл адамы» деген анықтама берілген [10, 335]. Бірақ құмық мақал-мәтелдері мен тұрақты тіркестерінде *қазақ* сөзінің басқа мәндерін де көруге болады:

*Балталы қазақ йимик* «Балталы ер сияқты»;

*Қазақ ишлей мен тала* «Шаруа істейді мен бұзамын»

*Қазақ ұланға йөрме де ашдыр* «Жорықшы ұланға жөргем де ас»<sup>1</sup>;

*Қазақ йату, қанлы өлүм* «Батыр ұйқысы, қанды өлім»;

*Қазақны бош қалғаны аран күрегені* «Еңбекшінің демалғаны қора күрегені» [10, 163-164].

Түрік т. *kazak* «әйеліне сөзі өтетін жігіт, үйді басқара алатын отағасы» (TS 2011: 1370); түрік тілінің диалектілерінде *kazak* 1. «орта жастан асқан көсе адам, сақа кісі» 2. жас; 3. сүндетке отырмаған жігіт; 4. бала-шағасы жоқ ер адам; 5. үйлі-баранды отағасы; 6. қырсық; 7. тілі шықпаған, мылқау; 8. еркек кекілік (DS VIII 1975: 2709-2710).

Әзербайжан т. *kazak* «XV-XVII ғасырларда хан, сұлтандардың зұлымдығына шыдай алмай, ұлы даланы кезіп кеткен қарапайым халық; әскери бекіністе туған адам; ауыл тұрғыны»<sup>2</sup> (AzTS 1994: 747).

Чуваш т. *хусах/хосах\хасақ* «бойдақ; боздақ, бозбала» [11, 370].

Мари т. *озақ* «бойдақ; көне славянша қозақ «ісші, еңбекші, шаруа» [11, 370].

Қазақ сөзі араб тілі диалектілерінде де қолданылады. Сириядағы арабтар тілінде قَزَاق *қазақ* «қатал, мінезі ауыр, мысы басатын ер адам» [12, 126].

### Қорытынды

Сайып келгенде, «қазақ» деген ұлт, мемлекет атауы XV ғасырда қалыптасты. Жәнібек және Керей бастаған көшпенді тайпалар XV ғасырдың 60-жылдарында Әбілқайыр ханның үстемдігіне қарсы шығып, Шығыс дешті қыпшақтан батыс Жетісуға, Шу өзені бойына қоныс аударған. Алғаш рет осы тайпалар «қазақ» деп аталды. Мұның

---

<sup>1</sup> Қазақ мақалы: Екі бас, екі басқа жөргем де ас.

<sup>2</sup> Әзербайжанда бір аудан орталығы Қазақ деп аталады

мағынасы: «Еркіндік мақсатымен хан-сұлтандарға қарсы шығып, елден бөлініп шыққандар» деген еді.

«Қазақ» атауының шығу тегі, оның мән-мағынасы туралы мәселе талай заманнан бері талқыланып, сан алуан жорамал-жорулар мен дәлел-деректер, келелі пікірлер айтылып келе жатқан кәделі мәселе. Біздің ойымызша, қазақ сөзіне қатысты тұшымды ой айту үшін түрік жазба ескерткіштері мен қазіргі түрік тілдері материалдарына жүгіну қажет. Түрік тілдері мен ескерткіштерінде бұл сөз халық атауы емес, «еркін, азат; басы бос, ешкімге бағынбайтын; бойдақ; жорықшы, әскер, дала қарақшылары; барынан айрылған, елінен жерінен айрылған» деген мәндерінде сақталған. Қазақ хандығына дейін қазақ не ұлт, не мемлекет атауы ретінде қолданылмаған, тек жеке сын-сипат есімі ретінде жұмсалған. «Көтеріліс жасап, өз елінен бөлініп кетіп, жеке өмір кешіп, еркін даланы мекен еткен кісі, жұрт» мәніндегі ұғым болып қоланылған. Мысалы, Әбілқайыр ханына қарсы шығып, бөлектенген тайпаларға о баста сын есім ретінде «қазақ» деп атады. Ол сын-сипат үлкен мемлекет атауы ретінде өзгерді.

Қазақ сын есімінің түбірі «кезу, көшу, аралау» мағынасындағы кез- етістігі. Оған етістіктен есім тудырушы «-ек» жұрнағы жалғанған: *кезек* «кезуші, көшуші, қоныс аудырушы» (мыс.: қон- қонақ; қос-қосақ, жат- жатақ, т.б.). Кейінірек жіңішке дыбыстардан тұратын форма жуан фонетикалық вариантқа ауысқан болуы керек: *кезек* > *қазақ*. «Кезуші, көшуші» мағынасынан ауыспалы «еркіндік сүйіші, еркін, азат, бас имеген, тәуелсіз» деген мән кейінірек туған. «Еркін, тәуелсіз» деген мағынасы әбден орныққан әрі солай оқытылып жатқаны бізге аян.

«Кезу» етістігінен жасалғанына қатысты тағы да дәлелді пікірлеріміз бар. Түрікмен тілінде *гезек* дейтін тұлға «кезуші, көшпенді» мәнінде жұмсалады. *Кезу* етістігінен жасалған халық аттары басқа елдерде де бар. Еуропада, көне Германияда *wandilis, wandale* атты қауым аты болған. Бұл неміс тіліндегі «кезу» мәніндегі *wandeln* етістігімен байланысты. Искит, Скиф атымен белгілі тайпалар да славян тілінде «кезу» дегенмен пара-пар *скитать* сөзіне қатысты. Бірнеше тайпа-елдің аттары кезу етістігімен байланысты болғаны кездейсоқ емес. Қазақ атауының да соған қатысты болуы ғажап емес. Мажар халқының белгілі филологы Неметтің пікірінше, түрік халықтарының атаулары олардың кешкен өмір салтынан, ғұрпынан туындайды. Қазақ халқының көне заманнан көшпелі өмір салтын ұстануы, көшпенді халық болуы оның «көшу, кезу» мәніндегі кез-

етістігінен туындаған *кезек* кейін *қазақ* деген формамен байланысты болуы әбден мүмкін.

**Қысқартулар:**

AzTS: Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü

DS: Derleme Sözlüğü

KBLS: Kumuk ve Balkar Lehçeleri Sözlüğü

КБРС: Кабардино-балкарский-русский словарь

KMTS: Karaçay-Malkar Türkçesi Sözlüğü

KumTS: Kumuk Türkçesi Sözlüğü

Seng: Senglâh

ŞS: Şeyh Süleyman, Lugat-i Çağatay ve Türki-yi Osmani

TA: Kitabı Mecmu-ı Tercümanı Türkî ve Acemî ve Mugali

TEA: Türk Edebiyatları Antolojisi

TS: Türkçe Sözlük

TZ: Et-Tuhfetu'z-Zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye

T.: Тілiнде

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Юдин В. Центральная Азия в XIV-XVII веках глазами востоковеда. Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
2. Қайдар Ә. Қазақ қандай халық. Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
3. Togan, Z.V. Bugünkü Türkeli (Türkistan) ve Yakın Tarihi, C. I, Batı ve Kuzey Türkistan, 2. Baskı, İstanbul: Enderun Yayınları, 1981.
4. İslâm Ansiklopedisi. VI cilt, İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 1993.
5. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике старокыпчакского памятника XIII в. Тюркско-арабского словаря. Алматы: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1970.
6. Kaçalin M. Niâzi, Nevâyi'nin Sözleri ve Çağatayca Tanıklar, Ankara: TDK Yayınları, 2011.
7. Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий, Т. I-IV, Санкт-Петербург: Типография императорской академий наук, 1893-1911.
8. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009.
9. Öner M. Kazan-Tatar Türkçesi Sözlüğü. Ankara: TDK Yayınları, 2015.
10. Öztürk R.; Uyanık O. Kumuk Atasözleri ve Deyimleri, Konya: Çizgi Kitabevi, 2006.
11. Федотов М. Этимологический словарь чувашского языка. Т. I-II. Чебоксары, 1996.
12. Esedi M.H. Mevsu'et Haleb el-Muqārene, VII. cilt, Halep: Halep Üniversitesi Basımevi, 1981.
13. Altaylı S. Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü, C. I-II, İstanbul: Millî Eğitim Bakanlığı Yayınları, 1994.
14. Atalay B. Et-Tuhfetu'z-zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye, İstanbul, 1945.
15. Clauson G. Sanglah, A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdi Xān, London, 1960.
16. Фазылов Е., Зияев М. Изысканный дар тюркскому языку. Ташкент: Издательство «Фан» Узбекской ССР, 1978.

17. İsmagulov O. “Kazak Halkının Etnik Yapısı”, *Kazakistan Tarihi, Makaleler*, Ankara: TTK Yay., Dizi X – Sayı 21, s. 35-44, 2007.
18. Kömekov B. “Kazak Terimi Hakkında”, *Kazakistan Tarihi, Makaleler*, Ankara: TTK Yay., Dizi X – Sayı 21, s. 45-53, 2007.
19. Samoyloviç A. “Kazak Kelimesi Hakkında”, çev.: Saadet Çağatay, *Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten*, sayı 5, s. 95-104, 1957.
20. Tavkul U. Karaçay-Malkar Türkçesi Sözlüğü, Ankara: TDK Yayınları, 2000.
21. Тенишев Э. Карачаево-балкарско-русский словарь, Москва, 1989.
22. Toranlı R. Göçenli M., YANIK, N. Kitâb-ı Mecmû-ı Tercümân-ı Türkî ve Acemî ve Mugalî, Ankara: TDK Yayınları, 2000.
23. Türk Dil Kurumu *Türkçe Sözlük*, 11. baskı, Ankara: TDK Yayınları, 2011.
24. Юдахин К. Киргизско-русский словарь, Москва: Издательство Советская энциклопедия, 1965.
25. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. 492-б.

#### REFERENCES

1. İyđın V. Tsentralnaia Azıa v XIV-XVII vekah glazamı vostokoveda. Almaty: Daik-Press, 2001.
2. Qaidar A. Qazaq qandaı halyq. Almaty: Daik-Press, 2008.
3. Togan, Z.V. Bugünkü Türkeli (Türkistan) ve Yakın Tarihi, C. I, Batı ve Kuzey Türkistan, 2. Baskı, İstanbul: Enderun Yayınları, 1981.
4. İslâm Ansiklopedisi. VI cilt, İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 1993.
5. Quryshjanov A. Issledovanie po leksike starokypchakskogo pamiatnika XIII v. Tıyrksko-arabskogo slovarıa. Almaty: Izdatelstvo «Naýka» Kazahskoi SSR, 1970.
6. Kaçalin M. Niâzi, Nevâyi'nin Sözleri ve Çağatayca Tanıklar, Ankara: TDK Yayınları, 2011.
7. Radlov V. Opyt slovarıa tıyrkskih nareçıı, T. I-IV, Sankt-Peterbırg: Tıpografıa imperatorskoi akademı naýk, 1893-1911.
8. Syzdyq R. Qazaq tilindegi eskilikter men jańalyqtar. Almaty: Arys, 2009.
9. Öner M. Kazan-Tatar Türkçesi Sözlüğü. Ankara: TDK Yayınları, 2015.
10. Öztürk R.; Uyanık O. Kumuk Atasözleri ve Deyimleri, Konya: Çizgi Kitabevi, 2006.
11. Fedotov M. Etimologičeskı slovar çıvashkogo ıazyka. T. I-II. Cheboksary, 1996.
12. Esedi M.H. Mevsu'et Haleb el-Muķārene, VII. cilt, Halep: Halep Üniversitesi Basımevi, 1981.
13. Altaylı S. Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü, C. I-II, İstanbul: Millî Eğitim Bakanlığı Yayınları, 1994.
14. Atalay B. Et-Tuhfetu'z-zekiyye fi'l-Lugati't-Türkiyye, İstanbul, 1945
15. Clauson G. Sanglah, A Persian Guide to the Turkish Language by Muhammad Mahdī Xān, London, 1960.
16. Fazylov E., Zııaev M. Izyskannyı dar tıyrkskomý ıazykú. Tashkent: Izdatelstvo «Fan» Ýzbekskoi SSR, 1978.
17. İsmagulov O. “Kazak Halkının Etnik Yapısı”, *Kazakistan Tarihi, Makaleler*, Ankara: TTK Yay., Dizi X – Sayı 21, s. 35-44, 2007.
18. Kömekov B. “Kazak Terimi Hakkında”, *Kazakistan Tarihi, Makaleler*, Ankara: TTK Yay., Dizi X – Sayı 21, s. 45-53, 2007.

19. Samoyloviç A. “Kazak Kelimesi Hakkında”, çev.: Saadet Çağatay, Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten, sayı 5, s. 95-104, 1957.
20. Tavkul U. Karaçay-Malkar Türkçesi Sözlüğü, Ankara: TDK Yayınları, 2000.
21. Tenishev E. Karachaevo-balkarsko-rýsskı slovar, Moskva, 1989.
22. Toparlı R. Göçenli M., YANIK, N. Kitâb-ı Mecmû-ı Tercümân-ı Türkî ve Acemî ve Mugalî, Ankara: TDK Yayınları, 2000.
23. Türk Dil Kurumu Türkçe Sözlük, 11. baskı, Ankara: TDK Yayınları, 2011.
24. İyдахın K. Kırgızsko-rýsskı slovar, Moskva: Izdatelstvo Sovetskaia entsiklopedıa, 1965.
25. Abaı Qunanbaev shyğarmalarynyń bir tomdyq tolyq jınaғы. – Almaty: Memlekettik kórkem ádebiyat baspasy, 1961. 492-b.

### **Özet**

Yaklaşık olarak iki yüz yıldır araştırmacılar kazak teriminin kökenini bulmaya ve anlamını ortaya çıkarmaya çalışmaktadırlar. Bu konuda çok çeşitli görüşler ileri sürülmüştür. Kazak kelimesi hakkındaki etimolojilerin büyük bir bölümü bilimsel olmayan ve çoğu zaman birbirinden farklı bir dizi açıklamalara dayanmaktadır. Bu yüzden henüz kazak kelimesinin etimolojisi üzerine nihai bir karar verilememiştir. Son zamanlarda Akışev'in öne sürdüğü, İsmagulov'un desteklediği görüşe göre kazak kelimesi “has (gerçek) Sakalar, orijinal İskitler” anlamına gelen has sak sözcüklerinin birleşmesinden meydana gelmiştir ve bu görüş bazı Kazak bilim adamları tarafından kabul görmektedir. Böyle demekle biz kazak kelimesinin eski olduğuna şüpheyle yaklaşmış gibi oluruz. Çünkü has kelimesi zaten Kazakça değil; onu Arapça kelimeyle bağlayıp eski kelime değil yeni bir yapı iddiasını kabul etmiş gibi oluruz. Biz bu bildiride Kazak kelimesinin etimolojisine değil, tarihî ve çağdaş Türk lehçelerindeki kullanımına ve anlamlarına değineceğiz. Bu verilere dayanarak sonuçta hangi anlamın daha yakın olduğu ve hangi etimolojinin doğru olabileceği üzerinde durulacaktır.

**Anahtar Kelimeler:** Kazak kelimesi, Kazak dili, tarihi Türk lehçeleri, yaşayan Türk dilleri, anlam, etimoloji

**(M.Adilov, R.Muhammed. Kazak Kelimesi Hakkında)**

### **Аннотация**

В течение почти двухсот лет исследователи пытались найти происхождение слово «казах» и раскрыть его значение. О слове «казах» написаны множество статей, книг и научных монографий. До этого времени было проведено около двухсот исследований. В частности, после обретения независимости казахского народа, появились новые факты о слове «казах». Однако многие исследования имеют характер «народной этимологии». Большая часть этимологий основана на ряде ненаучных и часто отличающихся друг от друга объяснений. Поэтому пока не принято окончательного решения по этимологии слова «казах». В данной статье идёт речь о том, какая из этимологий соответствует действительности. Кроме того, будут представлены примеры из письменных памятников средневековья и современных тюркских языков.

**Ключевые слова:** слово казах, казахский язык, памятники тюркской письменности средневековья, современные тюркские языки и диалекты, семантика слова, этимология

**(М.Адиллов, Р.Мухаммед. О слове «казах»)**